

знаёт: «Я такой, как все!». Главная черта молодёжного сленга – постоянная эмоциональность, экспрессивность, оценочность и образность речи молодых людей. Вместе с речью развивается и постоянно обновляется молодёжный жаргон. Это способствует общей динамике системы языка /8/.

Молодежный жаргон представляет собой лексико-семантическую подсистему языка, имеющую сложный, исторически изменчивый характер.

Современный молодежный жаргон выполняет различные функции, основными из которых необходимо признать опознавательную, номинативную, эмоционально-экспрессивную, мировоззренческую и игровую. Функциональная направленность молодежного жаргона обуславливает его языковое своеобразие, выражющееся, в частности, в наличии «игровой» эмоциональной экспрессии, подвижности его лексического состава и появлении в жаргоне больших синонимических рядов. Характерными чертами молодежного жаргонного лексикона являются также антропоцентричность и ограниченность его понятийной зоны: ввиду «коммуникативной неактуальности» значительный круг явлений окружающей действительности остается вне сферы номинативной деятельности молодых жаргоносителей.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания // Вопросы языкознания. – 1991. – № 1. – С. 37–67.
- 2 Бабенко Л.Г. Толково-идеографический словарь русской эмотивной лексики: (Теоретическая база) // Глагол и имя в русской лексикографии: вопросы теории и практики. – Екатеринбург, 1996. – С. 7–14.
- 3 Арутюнова Н.Д. Коммуникация // Человеческий фактор в языке: Коммуникация, модальность, дейксис. – М.: Наука, 1991. – С. 6–79.
- 4 Левикова С.Я. Молодежный сленг как социокультурный феномен // Язык и образование: сборник научных трудов / ред. кол.: Т.А. Лисицына, Л.А. Гореликов, Р.Н. Шабалин. – Великий Новгород: НовГУ им. Ярослава Мудрого, 2002. – С. 62–63.
- 5 Купцова Н.С. Особенности языка хакеров // Язык как структура и социальная практика. – Хабаровск, 2000. – Вып. 1. – С. 37–40.
- 6 Бурова Г.П., Фрикке Я.А. Жаргонизация речи школьников в оценке теории интегральной индивидуальности // Стилистика и культура речи. – Пятигорск, 2000. – С. 49–53.
- 7 Валеева Н.Т. О деархаизирующей функции жаргонного словообразования в современном русском языке // Агрессия в языке и речи. – М., 2004. – С. 165–173.
- 8 Девкин ВД. Сленг пробивает себе дорогу в русской лексикографии // Вопросы лингвострановедения и лексикологии: межвузовский сборник статей, аннотаций, рецензий и библиографий / под ред. В.Д. Девкина. – М.: Прометей, 2003. – С. 250–253.

#### СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНИС ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Омарова Г.Ә., Қолдас Г.Б., Сапарбекова А.Е.,**  
**«Мирас» университеті, Шымкент, Қазақстан**

**Annotation.** In this station showes the questions about scientific activities for developing professional treat of students.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы научной деятельности и развития профессиональной компетентности студентов.

Жоғары оку орындарында студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру-ғылыми ізденіс жұмыстарымен тікелей байланысты. Олардың шығармашылық қабілетін, окуы мен ғылымдағы мақсаттарына өз еркімен қол жеткізуін және жеке тұлғалық ерекшеліктерін да-мытуды қалыптастыруы ғылыми жұмыс болып табылады. Студенттердің ғылыми ізденуші-

лік қызметін сапалы ұйымдастырудың дәрежесінен, жоғары оқу орындарында маман даярлау жұмысының нәтижелігі көрінеді.

Еліміздегі барлық ғылыми зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарындағы студенттік аудиториялардағы ғылыми жұмыстарға қатысқан бітірушілермен толықтырылып отыратыны баршаға белгілі. Бұл қағиданың даусыз екеніне өткен ғасырдан бастап жоғары білім беру жүйесіне студенттердің ғылыми іздену жұмыстары назарда болып келе жатқаны айғақ. Алайда, қоғамда ғалым тұлғасының беделінің артпай отыруы себепті және сол кездерде мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліксіз болуына байланысты, оқытушылардың да, студенттердің де ғылыми ізденушілік жұмыстарға деген қызығушылықтары төмен болды. Бірақ соңғы кездерде студенттердің жоғары кәсіби білім алудағы басты мақсаты-ғылыми жұмыстарға шеберліктерін шындалап, дағдыларын ғылымға бейімдеуде қабілетті жастар жоғары нәтижелі ғылыми жетістіктерге жетуде. Бұл бүгінгі экономикалық өзгерістер мен дағдарыстарға байланысты туындалап отырған жұмыссыздық пен орналасудағы қындықтарды болдырмауда дарынды, әрі білімді студент жастарымыздың қажеттілігінің туындауынан және өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға да толық мүмкіндік алуына жол ашады /1/.

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орында студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту және оны ұйымдастыру оның болашактағы жаңа кезеңіне бет алуды және алдағы жинақталған тәжірибелі өзгеріп отырған жағдайларда жалғасын табуды қарастыру керек. Жоғары білімді кайта жасауда өзін-өзі ғылыми шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін және өзін-өзі дамытатын кәсіби құзіреттілігін артықшылығын ескерумен байланысты. Бұл маманың жана түрдегі сапасын дайындау қажеттілігін талап етеді, ол маман авторлық еңбектерге, зерттеу жұмыстарымен айналысуға, кәсіби шеберлікті және адами қасиеттерді жүзеге асыруға бағытталады.

Білім беру жүйесінің әдістемесі мен оқыту түрлері білімнің сапасына, дамуына және мазмұнына ықпалы төмен және тағы бір қарама-қайшылық ғылыми-зерттеу жұмыстарына өте төмен және болашак маман иесі болатын студенттердің ғылыми-шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған болса да, өз қызметін жоғары дәрежеде орындалмай отырғанына көз жеткізу қын емес.

Сондықтанда біз студенттердің ғылыми ізденіс іс-әрекеттерін кәсіби даярлауда төмендегі қағидаларға сүйенеміз:

- болашақ мамандардың ғылыми-шығармашылық қабілетін дамытуға, олардың ғылыми-педагогикалық қызметтің мәдениетін менгеруіне, инновациялық және ақпараттық технологияларды менгеруіне және кәсіби құзыреттілікті арттыру әдістерін пайдалануға көніл бөлеміз. Білімді әрэ білікті маманды қалыптастыру үшін, біріншіден, ғылыми ізденушілікпен айналысады дамыту қажет, және кәсіби міндеттерді айрықша тәсіл мен орындауға шығармашылық түрғыдан талпынуына жағдай жасау қажет.

- жоо студенттері оқыту үдерісінің құрамды бөлшегі және ол шығармашылық дайындығына, студенттің зерттеу жұмысына жеке тұлғалық қарым-қатынасына, авторлық зерттеу жұмыссының бағдарламасын орындауының толық әрі түгел болуына, зерттеушілік белсенділігінің өзіндік іс шаралармен жүзеге асыруына, орындалатын жұмыстың инновациялық әрі ғылыми бағытта болуы қажет.

- студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жоғарғы оқу орындағы жалпы білім беру үдерістеріне бағдарлану ретіндегі жалпы педагогикалық шарттардың студенттің жеке тұлғасына ықпал жасаумен айқындалады, мысалы, барлық жұмыс түрлері мен кескіндерінде студенттін өзін-өзі тануға, өзін көрсетуге және өзін бекітуге оның іштей қажеттілігін ескеру, студенттің ғылыми-зерттеушілік қызметін ұйымдастыруға оқытушылардың дайындығы, ғылыми зерттеушілерге шығармашылық, іс-шаралық және психологиялық дайындықтар салындағы жұмысты жоспарлау, студенттің кәсіби құзіреттілігін дамуына ықпал жасау әдістері мен құралдарын таңдау /2/.

- маманың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-зерттеу жұмыстарды ұйымдастыру принциптерінде шығармашылық және тұлғалық қасиеттерін дамыту, зерттеушілік жұмыс түрлерімен толықтыру, оқытушы мен студенттің бірлесіп жасаған ғылыми-зерттеуші-

лік қызметінде олардың өзара адамгершілік тұрғыдағы қарым-қатынасының жоғары дәрежеде болуы.

- кесіби құзіреттілікті дамытуға арнайы ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу қызметінің тиімді ықпалы келесі аталатын негізгі заңдылықтармен шарттасады, өзара әрекет жасауға, оқытушы мен бірлескен шығармашылыққа, өзін ерікті ұстауға, жағдайдың себептерін ажыраты білу, ашық және үшкір ойлау қабілетімен, оқытушы мен жағымды қарым-қатынасты сақтау және зерттеу құбылысының мазмұнын тандауда жағдай туындуату, сыртқы еркіндігін жүйелендіру, талқылауды ерікті жасау ұжымдық ішкі адами заңдылықтарды сақтау, өте жоғары дәрежеде тандауға ерікті болуы студенттің жұмысқа жеке тұлғалық қызығушылығының дәрежесінен оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жемісті болумен тікелей байланысты.

Студенттерге білім беру үдерісінің ерекшелігі кесіби шеберлікке бағытталуында, сондықтан ғылыми-зерттеу жұмысы болашақ маманның өзін-өзі маман ретінде дамуына мүмкіндік беретін болашақ маманның шеберлік сипатындағы мәні. Сонымен катар, ғылыми іс-әрекет жеке тұлғалық мүмкіндігін қарқынды етіп студенттердің мүмкіндігі мен қабілетін ашады, кесіби тұрғыдағы мәселелерді шешуде жана пікірлердің туындауына себепші болады, өз кесібіне қанағат алуға және оның іштей сезуге ықпал жасайды.

Студенттік ғылыми-зерттеу жұмысы тұжырымдамалық-сынақ тәжірибелік және деңгейде жүзеге асады. Жалпы тәжірибе барысында талдау жасау нәтижесінің көрсеткені ең маңызды әрі үздік деңгей – бұл феноменологиялық деңгей, сондықтан ғылыми-тәнымдылық жұмыстарды студенттердің ептілігі мен шеберлігін дамыту үшін, оны ұйымдастыруға, мазмұнын, әдістемесі мен түрлеріне басқа тәсілді қолдануды талап етеді. Мұндай тәсілді жоғары дәрежелі шығармашылық - мазмұндылық, сезімталдық әрекетшілдік және қызмет жасауға және болжамдауға шебер компонентері арқылы жүзеге асыру мүмкін.

Жоғары оку орнындағы оқытушыларды студенттердің ғылыми жұмыстарын басшылыққа алуға дайындау өте өзекті мәселе. Сондықтан, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру туралы айтканда, жоғары кесіби білім берудің ең маңызды міндеттерінің бірі - оқытушылардың кесіби шеберлігін жоғарылату. Әрі бұл тек өз пәннің аймағындаған емес, сонымен бірге, жоғары білім беру педагогика саласында болуы тиіс: оның негізгі мақсаттары мен міндеттері, жас адамның тұлғасының психологиясы, кіші топтардың әлеуметтік психологиясы, дидактикалық мерзімдер мен герменевтикалық және т.б./3/.

Мамандықтары педагогикадан тыс оқытушылар осы және осыған ұқсас мәселелер жайында толық мәлімет алмайды. Дұрыс ойлау әрі жинақталған тәжірибелін (өзінікі және өз әріптестерінің) мәні маңызды. Алайда, үнемі педагогикалық білімін жетілдіріп отырмадыктан, студенттердің ғылыми ізденістерін басшылыққа алуға оқытушының кесіби оқытушылық шеберлігі жетпейді.

Келесі ретте біз студенттердің ғылыми-ізденушілік жұмыстарға араластыруға мүмкіндік беретін курс жұмыстарының және арнайы семинарлар мен арнайы курстардың мүмкіндігін қарастырамыз.

Студенттерді университете арнайы дайындау бір тұтас үдеріс бола тұра, екі жағы бар және олар көп жағдайда өзара байланысады. Арнайы курс ғылымда менгерілген мәліметтермен байланысты, әрі көп жалпы курстардың негізгі мақсаты; арнайы семинар – студенттермен бірге ұйымдастырылған арнайы сабак, оның негізінде негізгі пәндер бойынша диплом және курс жұмыстары жазылады, әрі ғылым салалары белсенді менгеріледі, жапы алғанда, ғылыми шығармашылық оған белсенді араласу деген сөз. Тұлғаның ғылыми тәнымдық қызметі анықтамалық және өнімді (шығармашылық) болып екіге бөлінеді, алайда адам жаңа білімдерді, яғни ғылым саласындағы өнімдерді өндеумен айналысу барысында (жұмыста және оқуда) белгілі бір шарттар мен қажеттіліктермен өзара тығыз байланысады. Жоғары оку орнындағы өзара тығыз байланысады. Жоғары оку орнындағы жалпы оку курстары – бұл ғылым жайлы анықтамалар, алайда бұл жерде де шығармашылық сәттер кездеседі. Арнайы семинарлар, курстар диплом жұмыстарымен арнайы курстар – бұл студенттердің ғылымға, ғылыми бастамалармен өзіндік әрекеттерге, өзіндік ғылыми өнімдерді жасауға талпынуға шақыру әрі мүмкіндік беру.

Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстары оқытушылардың ғылыми зерттеу жұмысымен байланыстыруды ұйымдастырудың тәрбиелік-дидактикалық әлеуметтік-экономикалық мәні ерекше. Бұл, бір жағынан, кафедраға ғылыми әдістемелік құралдарды жақсартуға, жылдамдатуға, тәжірибеден өткізуге септігін тигізсе, екінші жағынан, студенттердің оқу жұмыстарына, олардың оқытуда тиімділігі ерекше, айталақ: кафедра тапсырысын орындауға, олардың шынайы, толық мүмкіндік туындаиды.

Жоғары оқу орнындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлеріндегі ерекшеліктер – бұл өздерінің болашақ мамандықтарының негізін тәжірибеде менгеру бойынша мәселелердің негізгі мақсатымен байланысты.

Алайда студент ғылымның алғашқы баспалдағын жеке әрекеттер жасаумен бастайды, олар ғылыми жазбаларды құрайтын әдебиеттерді тақырып бойынша оқу, ондағы көзқарастарды талдау, алуан түрлі мектептердегі мәселелерді зерттеуші ғалымдардың жүйелі әдіс - тәсілдеріне талдау жасауды бастайды.

Студент ғылыми - іздену қызметіне осы жоғарыда аталған сатылармен келеді, ол алуан түрлі ғылыми топтардан, зерттеу бірлестіктерден құралған ғылыми шығармашылықа араласады, ішкі ғылыми және ғылымнан тыс қауымдастықпен өзара араласады. Ғылыми топтарда мақсаттар мен, қағидалар, жетекшілік жүйесі мен белгілі бір өзара қарым-қатынастар пайда болады. Жоғарғы мектепте ғылыммен айналысу (жаппай) бұқаралық құбылыс сипатына ие, сондықтан студенттердің ғылыми-шығармашылығын басқару, жүйелендіру, басшылық жасау қызметін айқындаиды.

Студенттердің ғылыми зерттеу іс-әрекетінің жемісті болуға ықпал ететін негізгі шарттарды келесі ретпен бөліп қараста болады:

- тақырыптың өзектілігін белгілеу;
- шығармашылық жұмыстың ең маңызды іс-шарасын анықтау;
- жеке жоспар жетілдіру, жасау;
- Жалпы және арнайы дайындық;
- Оқытушының кәсіби шебер басшылығы, оның құрамына келесілер енеді:

а) студенттің дайындығына, қабілетіне, талғамына байланысты, жұмыстың өзектілігі, толық орындалғандығына байланысты арнайы тақырыптарды тандау; б) студенттің ғылыми ізденісінің жалғасы болатынын белгілеу; в) ғылыми жұмыс жоспары орындалуын бақылау; г) өз уақытында кеңес беру.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ғылыми талдау жасай отырып, маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған мәселені шешу жолын көрсетеміз:

- студент жастардың көз алдында ғылыми жұмыстың мәртебесін жоғарлату (ғылыми жетістіктеріне жан-жақты қолдау жасау, ғылыми жұмыстарын енгізу үшін қолайлы жағдай жасау, жеке студенттердің ғылымдағы жетістіктері туралы жоғары оқу орнындағы ұжымды барынша кең ауқымда ақпараттандыру және т.б.);

- ғылыми шығармашылықты мемлекеттік негізде материалдық-техникалық және қаржылай қолдау;

- студенттерге грант жүйесін жүйелі пайдалану;
- студенттердің ғылыми жұмыстарының жинағын жоғары оқу орнында жыл сайын баспадан шығару;
- ғылыми зерттеу жұмыстармен белсенді айналысатын студенттерге бір тұтас ақпарттық жүйе жасау.

Жоғарғы оқу орнындағы білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби шеберлігін дамыту-дың тұжырымдамасы оқытууды дараландыруды жүзеге асырумен пән аралық байланыс жүйесінің мазмұнын терендетумен, өзіндік жұмыстар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мен байланысты.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының және өз білімін жетілдірудің дидактикалық, теориялық және әдіснамалық ерекшеліктерін анықтауда біз оларды ұйымдастыру жүйесін ұсындық, оның мазмұны болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін қалыптастыратын өзіндік зерттеу жұмысының нақты түрлері екеніне көз жеткіздік.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ангеловски К. Учителя и инновации: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1991. – 159 с.

2 Менлибекова Г. Ж. К вопросу о формировании социальной компетентности будущих учителей // Вестник АГУ им. Абая. – 2001. – №5.

3 Высшее образование Казахстана в третьем тысячелетии: сб. науч ст./ отв. ред.: А. Е. Абылкасымова. – Алматы: РИК, 1998. – 163 с.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Орумбаева А.Б.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан*

**Annotation.** In this article the problem of the formation of the psychological culture of the students of the height educational institution is viewed in depth. To date, higher education for students -this is knowledge needed throughout life, so the level of psychological culture of the future of educational psychologists must meet the changing socio-economic and professional learning environment.

Бұғынгі таңда қоғамда жүріп жатқан терең экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, кәсіби қызметтің барлық сферасында мамандарды даярлау іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Жоғары оқу орнында түлегі жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді менгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс.

Білім алушылар кәсіпқой-психолог болуы үшін оған білім кеңістігінен іс-әрекет және өмірлік мағына кеңістігіне шығуы қажет. Білімдер мен іс-әрекет әдістерін органикалық тұтастықпен, белгілі бір маңызы бар құндылықтармен біркітіру керек. Мамандарды даярлауда білімдер жүйесіне тән ерекшелік білімдердің жаратылыстану, математикалық және дүниетанымдық іргетасымен, табиғат, қоғам, ойлау туралы пәнаралық жүйелі-интегративті білімдердің кеңдігімен, сондай-ақ жоғары шығармашылық потенциалы бар мамандарды даярлау міндеттін шешуге мүмкіндік беретін іс-әрекетті қамтамасыз етумен нәтижеленеді.

Қазіргі таңда психолог-педагог мамандарды даярлауда кәсіби білімді бекітілген пәндерді оқытуға негізделген білімдердің белгілі бір мөлшерін менгерту ретінде түсіндіру әдетке айналған, әрине бұл жеткіліксіз болып табылады. Білім беру негізі тек оқу пәндерімен шектелмей, ойлау және іс-әрекет тәсілдерімен, яғни рефлексивті сипаттағы процедуралармен нәтижеленуі тиіс. Мұның барлығы мамандарды даярлау мазмұны мен деңгейі талаптарына методологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін, іс-әрекеттің танымдық, кәсіби, коммуникативті және аксиологиялық әдістерін енгізу қажеттігі туралы міндетті қояды.

Жоғары білім беруге тән ерекшелік методологиялық мәдениеттің жоғары деңгейде болуы және тану және іс-әрекет тәсілдерінің шығармашылықпен игерілуі болып табылады. Осыған орай, жоғары оқу орындарының маңызды міндеттерінің бірі тар мағынадағы кәсіби білімдер мен іскерліктерді менгерген мамандарды даярлау ғана емес, сондай-ақ өзінің кәсіби іс-әрекетін өзге адамдардың мұдделерін ескеріп, продуктивті ынтымақтастық түрінде құруға қабілетті түлектерді дайындау болып табылады.

Қазіргі мамандардың маңызды қасиеттері өз мінез-құлқын басқара білу, өзге адамдармен сауатты әрі мақсатты қарым-қатынас орната алу, қын өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білу, қарым-қатынастың психологиялық тәсілдерін менгеру ептіліктері және жоғары деңгейлі психологиялық мәдениет болып табылады /1/.

Мәдениет көпқырлы әрі көп мағыналы ұғым, оны кең мағынада және тар мағынада қарастыруға болады. «Кең мағынадағы мәдениет халықтың жетістіктері мен шығармашылықтарынан көрінеді. Бұл белгілі бір қоғамдық болмыстың тарихи қалыптасқан формасы. Мәдениет адамзат өмірінің ажырамас атрибуты, адамзат қасиеті».